«БІР ЕЛ –БІР КІТАП» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы (бұдан әрі - Акция) бүкіл қазақстандықтардың бір автордың кітаптарын бір жыл бойы оқуын және талқылауын көздейді.

1. Жалпы ережелері

1.1 Осы Ереже Акция мақсаты мен міндеті және өткізу мен қорытындылау тәртібін анықтайды.
1.2 Акцияны Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен ұйымдастырады.

2. Мақсаты мен міндеті

2.1 Акцияның мақсаты қазақ әдебиетінің қазыналы туындыларын насихаттау, оқу мәдениетін қолдау және дамыту, жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулу.
2.2. Акцияның міндеті ұлттық әдебиетке оқырмандардың қызығушылығын арттыру, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, авторларды насихаттау арқылы баспа ісіне игі әсерін тигізу, халықаралық әдеби айналымға қазақ қаламгерлерінің шығармаларының шығуына қолдау көрсету.

3. Өткізу тәртібі

3.1. Жыл кітабын таңдау екі кезең бойынша жүзеге асырылады:
- бірінші кезеңде республикалық және өңірлік кітапханалар арасында сауалнама жүргізу, сондай-ақ оқырман сұранысын талдау негізінде ұсынылатын кітаптардың алдын ала тізімі құрылады;
- екінші кезеңде акцияның комиссия мүшелері ұсынылған тізім бойынша жыл кітабын бекітеді.

3.2 Дауыс беру қорытындысы бойынша бірнеше автордың жинаған дауыс саны тең болған жағдайда, шешімді комиссия төрағасы қабылдайды.
3.3 Комиссия мүшелерінің міндеттері:
- жалпыхалықтық оқуға таңдалатын кітапты бекіту;
- акцияны өткізу тәртібін бекіту;
- акция қорытындысы туралы есепті бекіту;
- БАҚ-на арнап баспасөз-конференциясын өткізу.

3.4 Жалпыхалықтық оқуға таңдалатын кітап мына критерийлер бойынша алынуы тиіс:
- жалпы азаматтық гуманизмнің және ұлттық құндылықты, тарихи-мәдени дәстүрлерді, тарихи тамырластықты және еліміздің заманауи дамуын бейнелейтін;

- әдебиеттің барлық жанры;
- көркемдік құндылығы жоғары;
- барлық жастағы оқырмандар үшін қызықты;
- кітапханаларда және кітап дүкендерінде қолжетімді;
- басқа тілдерге аударылуы;
- мазмұнды.

3.5.Комиссия мүшелерінің отырысы қажетіне қарай ұйымдастырылады.

4.Акция талаптары

4.1. Жалпыхалықтық оқу акциясына автор бір рет қана таңдалынады.
4.2. Комиссия мүшелерінің туындылары акцияға қатысуға ұсынылмайды.

5. Қатысу тәртібі

5.1 Акцияға барлық республика кітапханалары, ұжымдар және жеке адамдар қатыса алады.
5.2 Акция барысында өткізілетін іс-шаралар форматы: сынып сағаттары, әдеби кештер, дөңгелек үстелдер мен конференциялар, кітап бойынша фильмдер көрсету және пікірталас, байқаулар, жазушы-актерлермен кездесулер, телемарафондар, клуб отырыстары, блог жасау және т.б.

6. Өткізу мерзімі

6.1 Акцияны өткізу мерзімі жыл кітабы жарияланған күннен бастап жылдың соңына дейін белгіленеді.

7. Қорытындылау

7.1 Жіберілген материалдар негізінде акцияның қорытындысын жыл соңында акцияны ұйымдастырушылар жариялайды.

7.2 Қорытындылау үшін қабылданатын материалдар:
- өткізілетін іс-шаралар жоспары;
- өткізілген іс-шаралар портфолиосы;
- бейне-фотоматериалдар;
- мультимедиялық материалдар;
- қатысушылардың сайттарында берілген ақпараттарға сілтеме.

7.3 Акцияның қорытындысында баяндалатын ақпараттар келесідей болуы тиіс:
- өткізілген шаралар саны мен қатысушылар саны;
- акцияға қатысу тәсілі;
- белсенді қатысушыларды, ұйымдастырушыларды атап көрсету;
- акцияны ұйымдастыруда жергілікті кітапханалардың қызметін бағалау.

7.4 Қорытынды хабарлама Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасының сайтында жарияланады.